Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Буенбаева Зарина Қайратқызының «Батыс және Шығыс медиа үдерісі: дәстүр, контент және конвергенция (салыстырмалы талдау)» атты ғылыми диссертациясына ғылыми жетекші – филология ғылымдарының докторы, ҚазҰУ профессоры

Қамзин Кәкеннің

ПІКІРІ

Батыс пен Шығыс, қазіргі қоғам цифрлық революция заманында өмір сүріп отыр. Ақпараттық технологиялардың зияткерлік, мәдени-танымдық әуселесі күнен-күнге артып келеді. Интернет құбылысы өз мүмкіндігін еселеумен қатар, сыртқы ықпал-әсерін күшейте тусуде, демократиялық контексте еркін ақпарат алуға, пайым-парасатты, жалпы ой-өрісті кеңейтуге молынан жол ашуда. Ақпарат алмасу қолжетімді, шұғыл сипатқа ие болды. Нақтылай айтсақ, ғылыми білім айналымын жарық жылмамдығымен салыстыратын дәрежеге жеттік. Алыс-беріс, бизнес, сауда-саттық, банк/қаражат жүйесі, тіпті мемлекет басқарудың бірқатар пішіні әлеуметтік желіге көшті. Диссертант бұл трендтің «әлеуметтік жүйке» екенін атап көрсететіні де, оны азаматтық журналистикмен тетелес психологиямен де, философиямен де, социологиямен де, экономикамен де шендестіре қарастыратыны сондықтан.

Осы арада біз таңдалған тақырыптың да зерттеуші білім/білігіне дөп келуі өз алдына, оның ізденуші жас мөлшеріне де сайлығы болатынын айтқымыз келеді. Ежелгі тарихи игіліктерімізді ескере отырып, заманалы трендке ілесе алу, оның зәру мәселелерін іліп әкету, соған лайықты болу адам организмінің тыңдығына да байланысты. Ендеше, мына тақырып – жастар тақырыбы, оның зерттеу құрылымы да, ізденуші түйіндеген көкейтестілігі де, болашақтық пәрмені де әлеуметтік, технологиялық және эмоциялық палитрасы да сол жастық жігер мен соны ұмтылысты айқын көрсетіп тұр.

Қазіргі технологиялық прогресс аса жылдам, оның өзгермелі табиғатын сөзбен сипаттау аса қиын. Сондықтан оның бүгінгі тенденциялары мен заңдылықтарын, символдардың мағыналық эволюциясын дер кезінде, уақытлы ұға білу, даму барысын сол сәтте көрсете білу – күрделі де өзекті проблема. Докторанттың кеңістік пен мезгілдік траекторияда осы виртуалды құбылысты ізін суытпай ұстап қалуға ұмтылуы, соған қолының жетуі – өзектіліктің, шалт танымның бір белгісі. Ал, ғылыми жаңалық пен практикалық қажеттілік осы прагматикалық мақсаттардан туындап жатады.

Расында, жаңа сипаттағы ақпараттық ағысқа айналған интернет ғылыми-техникалық жетістіктердің және ұлы мәдени мұралардың, өнер туындыларының да ашық дерек қорына айналды. Яғни виртуалды ғаламда ақпарат контенті мен көркемдік шеберханасы тоғысты. Осы ретте З.Қ. Буенбаева Батыс пен Шығыс, Шығыс пен Батыс аталатын ендік пен бойлықтағы эфирлік сонылықтарды салыстырады, баға береді, өзіндік ғылыми қорытынды жасайды. Халықаралық ақпараттық терминдерді қазақы топыраққа жатық тілмен сіңістіреді. Өз пайымдауларын тиянақтай, дәлелдей түсу үшін, реті келгенде, ұлттық және шетелдік белгілі ғалымдардың еңбектеріне жүгінеді.

Ақпараттық технология мен HI-TECH өркениет өрісінің ең динамикалы компонентіне трансформацияланғаннан бері, әлеумет, саясат және қоғамдық қарым-қатынастарды, әлеуметтік интергацияны реттеуде түбегейлі өзгерістердің орын алуына себеп болды. Рухани сала да ғаламат өзгеріске ұшырады, адам айтқысыз жылдамдықпен ақпарат алу, тарату журналистика тұтастығына да едәуір әсер етті. Демек, заманалы ақпараттық технология ойлаудың типтерінен бастап, білім алу формасы, қоғамдық пікір қалыптастыру дағдысы, рухани процестің бағытын түрлендіре алатын деңгейге жетті. Зерттеуші осы мәселелерді тереңнен қозғайды, таратады, ғылыми байлам, оңтайлы ұсыныс айтады. Біз диссертанттың журналистика тұтастығы проблемаларына қатысты пікірлеріне, атап айтқанда, әлеуметтің ақпараттық әлеуетін арттыру жолында ақпарат ауқымы ғана емес, сонымен қабат журналистика саласының интеллектуалдық, көркемдік күш-қайратын еселеу керек деген тезисіне толық қосыламыз. Яғни, бұл байлам – посткеңестік журналистиканың интегративтік сипаттарының бірі. Белгілі философ, профессор В.Ж. Келле «Интеллектуальное и духовное начало в культуре» (2011) атты еңбегінде зияткерлік әлеуетті ғылымды, білімді, технологияны, интеллектуалдық қызметті және оның субъектілерінің басын біріктіретін интегративті ұғым ретінде әліптейді. З.Қ. Буенбаеваның ұсынылып отырған мына ғылыми жұмысы сол ойды, сол формуланы, сөз жоқ, ілгерілете түсті, ұлттық пайыммен қанықтыра түсті. Демек, қоғамның интеллектуалдық әлеуеті – ол оның инновациялық мүмкіндігі, бұл мүмкіндікті жөнімен пайдаланған жұртшылық туындаған проблемаларды дұрыс шеше алады, тарихи үдеріске өзгеше өзгеріс енгізе алады, ілгері нық қадам басуға жағдай жасайды.

Демократиялық құндылықтардың пісіп-жетілуі арқасында дәстүрлі БАҚ интернет дүниесіне, «бейтаныс» медиажүйеге, жалпы алғанда, жатырқаусыз/тосырқаусыз аяқ басты. Бірталай дайындықпен аяқ басты. Біз осы миграцияны аналогтік форматтан сандық форматқа көшуден де байқаймыз. Интернеткеңістік арқылы қазақстандық медиа платформа бірте-бірте әлемдік бұқаралық ақпарат құралдарының кооперациясына енді. Бүгіндері дүниенің кез келген тұсынан Қазақстан туралы ақпарат алу/ақпарат беру еш қиындық туғызбайды. Бұл – ақпараттық интеграцияның және бір кәделік жағы.

Біздіңше, жиналған бай материал, факті, дерек мейлінше екшелген, сұрыпталған, көрнекіленген. Ақпараттық теңгерме (паритет), ілгерілеу үдерісіндегі келімді-қайтымды толқын сынды тұжырымдар – қазіргі журналистикатанудағы елең еткізер сонылық. Қорыта айтқанда, Қазақстан сияқты тәуелсіз елдің тәуелсіз ақпарат кеңістігіне енуін, қазақ сапалы журналистикасының халықаралық кооперациясына дендей бойлауын, әлемнің медиакартинасының өзгеруін, заманалы аудиторияның қажеті мен сұранысын ұзақтан қозғаған, жаңа өркениетті қоғамның тынысы, медиасфераның жауапкершілігі, журналистиканың эволюциялық қадамы, соны мәдени кеңістіктің қалыптасуының өзіндік ерекшеліктерін тап басқан, теориялық жағынан дер кезінде тұжырымдаған байыпты да байсалды, салмақты да сымбатты еңбек дүниеге келді.

Зарина Қайратқызы Буенбаеваның «Батыс және Шығыс медиа үдерісі: дәстүр, контент және конвергенция (салыстырмалы талдау)» атты диссертациясы философия докторы (PhD) атағын алуға әбден лайық деп білемін.

Отандық ғылыми кеңесші,
ф.ғ.д., ҚазҰУ профессоры **Кәкен Қамзин**
19 наурыз, 2019 жыл

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
Р.Е. Кудайбергенова
«19» наурыз 2019 ж.